

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 тамыздағы N 841 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Казгипроводхоз институты" өндірістік кооперативі сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар "Қызылорда облысында бас су жібергіш құрылысы бар Қараөзек тармағы" объектісінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу жөніндегі қызметтерді көрсетуші, Қытай Гео-Инженерлік Корпорациясы "Қызылорда облысында бас су жібергіш құрылысы бар Қараөзек тармағы" объектісін салуды жүзеге асыру жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғалармен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасуды;

2) осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын қаражаттың оңтайлы және тиімді жұмсалуды қағидатының сақталуын, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 3 және 4-тармақтарының орындалуын;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы